

ОТАНДЫҚ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ: ҚҰРЫЛЫМЫ, САПАСЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Лухманова Г.К., э.ғ.к.

Жабыкбаева С.С., «7М04106– Қаржы» мамандығының магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: irada_010109@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелінің қазіргі жағдайы қарастырылды. Ұйымдарға, жеке тұлғаларға және кредиттік ұйымдарға берілген несиелер көлеміне және өзге де орналастырылған қаражаттарға, сондай-ақ берілген несиелердің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен несиелердің үлесіне талдау жүргізілді. Банк секторының несиелік портфелінің ағымдағы жағдайын талдау негізінде Қазақстандағы несиелік нарығын дамыту перспективалары бойынша қорытындылар берілді.

Тірек сөздер: екінші деңгейдегі банк, банк секторы, несиелік портфель, несиелер, жұмыс істемейтін қарыздар.

В статье рассматривается современное состояние кредитного портфеля банков второго уровня Республики Казахстан. Проведен анализ объемов кредитов и прочих размещенных средств, предоставленных организациям, физическим лицам и кредитным организациям, а также доли просроченных кредитов в общем объеме выданных кредитов. На основании анализа текущей ситуации кредитного портфеля банковского сектора даны выводы по перспективам развития рынка кредитования в Казахстане.

Ключевые слова: банк второго уровня, банковский сектор, кредитный портфель, кредит, неработающие кредиты.

The article examines the current state of the loan portfolio of second-tier banks in the Republic of Kazakhstan. The analysis of the volume of loans and other allocated funds provided to organizations, individuals and credit institutions, as well as the share of overdue loans in the total volume of loans issued. Based on the analysis of the current situation in the banking sector loan portfolio, conclusions are drawn on the prospects for the development of the lending market in Kazakhstan.

Key words: second-tier bank, banking sector, loan portfolio, credit, non-performing loans.

Нарықтық экономиканың қалыптасуының қазіргі заманғы жағдайларында, әсіресе соңғы уақытта екінші деңгейлі банктер арасындағы бәсекелестік да күшейе түсуде. Әлемдік практика көрсеткендей, банк активтерінің көп үлесін несиелер құрайды. Банк несиелері қаржы секторындағы маңызды бөлігі болып келеді және ол экономиканың өсу қарқынына үлкен әсерін тигізеді [1, 188 б.]. Осыған байланысты несиелік портфельі сапасын арттыру және тиімді басқару мәселесі өзекті болып отыр. Несиелік портфельінің сапасының төмен болуы жұмыс істемейтін несиелер мөлшерінің көптігіне тікелей байланысты және мұндай жағдайда банк халық үшін уақытша қаражатын сақтауға сенімсіздігін арттырады. Сонымен қатар банк экономикаға инвестор ретінде қызмет атқара алмайды. Сол себепті мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп көптеген банктерді жұмыс істемейтін несиелерден тазарту арқылы несиелік портфельінің сапасын арттыруға септігін тигізді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы банк саласында 26 екінші деңгейлі банктер қызмет етеді, олардың ішінде 15 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 12 еншілес банк, 100% мемлекет қатысатын 1 банк бар. Жалпы

Республика бойынша екінші деңгейлі банк секторының құрылымын (кесте 1) көрулеріңізге болады.

Кесте 1- Қазақстан Республикасының банк секторының динамикасы

Көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2020 ж./ 2019 ж. өзгеріс, %
ЕДБ саны, оның ішінде:	28	27	26	96,3
жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер	1	1	1	-
Шетелдік қатысуы бар ЕДБ	14	14	15	107,1
ЕД еншілес банктер	12	12	12	-
Ескерту - ҚР Ұлттық банктің жылдық есептері [2-4] негізінде авторлармен құрастырылған.				

Кесте 1 көріп отырғанымыздай, 2018-2020 жылдар аралығында екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) саны қысқару динамикасымен сипатталады. Жалпы банк секторы 2018 жылы 28 банкпен көрініс тапса, 2019 жылы 27 дейін, ал 2020 жылы 26 дейін қысқарған.

2018 жылғы ЕДБ-дің несиелік портфелі құрылымы мен сапасын соңғы екі жылмен салыстырып, өзгерісін ұсынамыз (кесте 2.2). 2018 жылы несиелік портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі -35,0%, 2019 жылы - 28,1%, 2020 жылы - 25,0% -ды құраған болатын. 2019 жылдың 2018 жылға қарағандағы өзгерісінде активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 51,4%-ы) 13590,5 млрд. теңге сомасындағы несиелік портфелі (негізгі борыш) алады (2018 жылы -15510,8 млрд. теңге), 2019 жыл бойғы азаюы -12,4% болды, ал 2018 жылмен 2020 жылды салыстырып көрсекте, -11,3%-ға азаюды байқаймыз.

Кесте 2 - Несие портфелінің құрылымы

Көрсеткіш	01.01.2019 ж.		01.01.2020 ж.		01.01.2021 ж.		Өсімі, %, 2018 ж.- 2019 ж.	Өсімі, %, 2018 ж.- 2020 ж.
	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %		
Несие портфелі негізгі борыш, о.і.	15510,8	100	13590,5	100	13762,7	100	-12,4	-11,3
Банктерге қарыздар	32,1	0,2	46,30	0,3	53,6	0,4	44,2	67,0
Заңды тұлғаларға қарыздар	6553,5	42,3	4195,1	30,9	3928,0	28,5	-36,0	-40,1
Жеке тұлғаларға қарыздар	3766,6	24,3	4259,1	31,3	4993,4	36,3	13,1	32,6
Тұрғын үй салуға жөнестатып алуға, о.і	1107	7,1	1215,5	8,9	1427,8	10,4	9,8	29,0
ипотекалықтұрғын үй қарыздары	1020,2	6,6	1129,2	8,3	1330,7	9,7	10,7	30,4
Тұтынушылық қарыздар	2547,5	16,4	2955,9	21,7	3508,8	25,5	16,0	37,7
Өзге деқарыздар	112,2	0,7	87,7	0,6	56,8	0,4	-21,8	-49,4
Шағын жәнеорта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар	5002	32,2	4664,5	34,3	4567,1	33,2	-6,7	-8,7
«Кері РЕПО»	156,5	1,0	425,5	3,1	220,6	1,6%	171,9	41,0

Ескерту – [5-8] көздері негізінде авторлармен құрастырылған және анықталған.

Занды тұлғаларға қарыздар несиелік портфелінің 30,9% үлесімен 4 195,1 млрд. теңге (2018 жылда – 6 553,5 млрд. теңге немесе несиелік портфелінің 42,3 %-ы, 2020 жылы бұл көрсеткіш -3928,0 немесе несиелік портфелінің 28,5 %-ы, 2018 жылдан 2019 жылға азаю – 36,0% болды, ал 2 жылдан кейін, яғни 2020 жылғы есеппен салыстырғанда азаю одан әрі артып 40,1% құрағанын байқауға болады. 2019 жылы жеке тұлғаларға қарыздар несиелік портфелінің 31,3% үлесімен 4259,1млрд. теңге, бұл көрсеткіш 2020 жылы 36,3% үлесімен 4993,4 млрд.теңге (2018 жылы –3766,6 млрд. теңге немесе несиелік портфелінің 24,3%) болды, 2019 жыл бойынша 2018 жыл бойғы ұлғаю–13,1% болды, ал 2020 жылмен салыстырғанда 32,6% құрады. 2019 жылы тұтынушылық қарыздар несиелік портфелінің 21,7% үлесімен 2955,9 млрд. теңге (2018 жылы -2547,5 млрд. теңге немесе несиелік портфелінің 16,4%), 2019 жыл бойғы ұлғаю–16,0% болды, ал 2020 жылы 2018 жылмен салыстырсақ, аталмыш көрсеткіш 37,7% немесе 961,3 млрд. теңгеге артқан. 2019 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар несиелік портфелінің 34,3% үлесімен 4664,5 млрд. теңге (2018 жылдың басында – 5002,0 млрд. теңге немесе несиелік портфелінің 32,2%), 2019 жыл бойғы азаю - 6,7% болды, ал 2018 жылдың 2020 жылға азаюы - 8,7% құрады. Несиелік портфелінің құрылымынан кейін Қазақстан Республикасы банк секторының несиелік портфелінің сапасын қарастырайық (кесте 3).

Кесте 3- Несиелік портфелінің сапасы

Көрсеткіш	2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		Өзгеріс, %, 2018 ж.- 2020 ж.	Өзгеріс, %, 2019 ж.-2020 ж.
	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %		
Банктік қарыздар, оның ішінде:	15510,8	100	13590,5	100	13762,7	100	-12,4	-11,3
Негізгі борыш әне/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар	13613,1	87,8	11600,7	85,4	11766,3	85,5	-14,8	-13,6
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	463,8	3,0	291,1	2,1	504,8	3,7	-37,2	8,8
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	213,8	1,4	309,4	2,3	350,0	2,5	44,7	63,7
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі берешегі қарыздар өткен бар	178,0	1,1	124,0	0,9%	125,3	0,9	-30,3	-29,6
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	1042,1	6,7	1265,2	9,3	1016,3	7,4	21,4	-2,5
ХҚЕС бойынша провизиялар	1642,9	10,6	2083,2	15,3	1776,6	12,9	26,8	8,1
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша провизиялар	751,9		1128,5		762,7			
Ескерту - [5-8] көздері негізінде авторлармен құрастырылған және анықталған.								

Кесте 3, 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар немесе проблемалық несиелер үлесі банктік қарыздар ішінде 2,6%

(2018 жылы - 6,7%, 2019 жылы - 9,3%) немесе 223,1 млрд.теңгеге (2018 жылы - 1042,1 млрд.теңге, 2019 жылы - 1265,2 млрд.теңге) дейін артқан. Ал 2020 жылы салыстырмалы 2018 жылға қарағанда, аталмыш көрсеткіш бойынша төмендеу динамикасы байқалады, атап айтқанда үлесі банктік қарыздар ішінде 2,6% (2018 жылы - 6,7%, 2020 жылы - 9,3%) немесе 25,8 млрд.теңгеге (2018 жылы - 1042,1 млрд.теңге, 2020 жылы - 1016,3 млрд.теңге) дейін қысқарған, бұл арқылы ҰБ қолға алған ЕДБ-дің жұмыс істемейтін несиелер мен мерзімі 90 күннен асқан қарыздарды төмендету шараларының нәтижесін байқауға болады.

Ал, енді несие портфелінің сапасы банктік қарыздар құрамдасы – 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың сапасын қарастырайық (кесте 4).

Кесте 4- Жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) сапасы

Көрсеткіш	2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		Өзгеріс, %, 2018 ж.- 2019 ж.	Өзгеріс, %, 2018ж.- 2020 ж.
	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %	млрд. теңге	жиын, %		
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар, барлығы, оның ішінде:	1042,1	100	1265,2	100	1016,3	100	21,4	-2,5
Заңды тұлғалар қарыздары	276,2	27	403,6	32	180,2	18%	46,0	-35,0
Жеке тұлғалар қарыздары	439,8	42	414,5	33	410,2	40%	-6,0	-17,0
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар (ҚР резиденттері)	326,1	31	447,1	35	425,9	42%	37,0	31,0
Ескерту - [5-8] көздері негізінде авторлармен құрастырылған және анықталған.								

Кесте 4 көріп отырмыз, 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) немесе 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 1042,1 млрд. теңгеден 1265,2 млрд. теңгеге дейін немесе 21,4%, соның ішінде: заңды тұлғалар қарыздары 276,2 млрд. теңгеден 403,6 млрд. теңгеге; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар 326,1 млрд. теңгеден 447,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, тек жеке тұлғалар қарыздары 439,8 млрд. теңгеден 414,5 млрд. теңгеге немесе 6,0% қысқарды. 2019 жылы NPL-н жалпы көлеміндегі заңды тұлғалар қарыздарының үлесі 32% (2018 жылы -27%), жеке тұлғалар қарыздарының үлесі 33% (2018 жылы - 42%), шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар үлесі 35% (2018 жылы -31%) құрады.

2020 жылы NPL 1016,3 млрд.теңге дейін (2018 жылы-1042,1 млрд.теңге) немесе 2,5 %, соның ішінде: заңды тұлғалар қарыздары 276,2 млрд. теңгеден 180,2 млрд. теңгеге дейін азайды, ал жеке тұлғалар қарыздары 439,8 млрд. теңгеден 410,2 млрд. теңгеге; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар 326,1 млрд. теңгеден 425,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2020 жылы NPL-н жалпы көлміндегі заңды тұлғалар қарыздарының үлесі 18% (2018 жылы-27%), жеке тұлғалар қарыздарының үлесі 40% (2018 жылы - 42%), шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар үлесі 42% (2018 жылы-31%) болды.

Несие портфелінің сапасы қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі несиелік шешімдердің сапасына байланысты. Несие портфелінің сапасы қарыздардың нашарлау белгілерін уақтылы анықтауды және олар бойынша негізделген шаралар қабылдауды қоса алғанда, қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі несиелік шешімдердің сапасына байланысты. Несие

портфелі бойынша зиянды тануды болашақ кезеңдерге ауыстыру капиталдың нақты деңгейіне сәйкес келмейтін тәуекелдерді қабылдауға әкеп соғады.

Несиелік шешімдердің жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін және банктік несиенің өнімді болуы және құнын жасау, сондай-ақ оны бұзбауы үшін проблемалық активтер бойынша зиянды уақтылы танудың және капиталдың ауқымды жоғалтуының алғашқы белгілері болған кезде банк жүйесінен нашар банктерді шығарудың өте қажет екенін белгілі болды.

Қорытындылай келе, несие портфелінің ағымдағы жағдайын талдағаннан кейін клиенттердің үш санатымен жұмыс істеу керек деп санаймыз. Ең алдымен, әртүрлі өндіруші салалардың ірі компаниялары және т.с.с. Бұл компаниялар өз бизнесінің экспорттық құрамдасын ескере отырып, жаһандық деңгейде өздерін тұрақты сезінеді. Екінші сегмент – бұл экспортпен байланысы жоқ, керісінше, импортты алмастырудың мемлекеттік саясатының арқасында тез дамып келе жатқан компаниялар. Бұл, мысалы, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығының кейбір сегменттері. Үшінші басым бағыт-қазақстандық нарықтағы халықаралық компаниялармен ынтымақтастық және жергілікті қарыз алуға көшетін көптеген еншілес кәсіпорындар. Барлық аталған компаниялар жеткілікті беріктік қорына ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лухманова Г.К. Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктер несиелік портфелінің жағдайын талдау// І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Хабаршысы. - № 2-3/ 2016. -188-196 сс.

2. Годовой отчет Национального Банка Республики Казахстан за 2018 год. URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/godovoy-otchet-nbk>

3. Годовой отчет Национального Банка Республики Казахстан за 2019 год. URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/godovoy-otchet-nbk>

4. Годовой отчет Национального Банка Республики Казахстан за 2020 год. URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/godovoy-otchet-nbk>

5. Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. URL: <https://finreg.kz/cont/>

6. Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. URL: <https://finreg.kz/cont/>

7. Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайы 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. URL: <https://finreg.kz/cont/>

8. Обзор финансового сектора РК за декабрь 2020 года. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/120931?lang=ru>